

Жүйеде **мереке күндерін** және/немесе **актіленген күндерді** көрсету үшін 2021-2022 оқу жылының **Әдістемелік-нұсқау хатына** (бұдан әрі - **ӘНХ**) негіздену қажет.



### **Назар аударыңыз!**

- ✓ *Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілуі қажет.*
- ✓ *Бұл ретте қосымша сағаттар бөлінбейді. Сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылады.*
- ✓ *Білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде бұл өзгерістер электрондық журналда көрсетіледі.*
- ✓ *Электрондық журналдар мен күнделіктерді толықтыру бойынша техникалық қолдау кол-центр, қолдау қызметі арқылы көрсетіледі.*

### **Әкімшілерге**

ӘНХ-та көрсетілген ақпаратқа сүйене отырып, әкімшілерге сынып кестесіне сабақтарды **ауыстырудың** немесе **жаңа сабақтарды қосудың** қажеті жоқ.

Мереке күндері басталған кезде сол мереке күндеріне түскен сабақтардың сабақ тақырыптары басқа сабаққа ауыстырылады.

Жүйеде мереке күндерін көрсету үшін:

- «Әкімшілік ету» парақшасындағы «Есептік кезеңдер» бетіне өту;
- есептік кезеңді таңдау (атауына басу);



*Мереке күндері барлық сыныптарға таралады, сондықтан мектептің барлық есептік кезеңдері үшін рәсім жасалуы керек.*

- «Мерекелік күндер» қойындысына басу;
- күнтізбедегі күндерді мерекелік ретінде белгілеу;

## Есептік кезеңдерді өңдеу

Толық мәліметтер

Мерекелік күндер

### Мерекелік күндер

2021 Жыл: 30 тамыз, 1 желтоқсан, 16 - 17 желтоқсан.

2022 Жыл: 1 - 2 қаңтар, 7 қаңтар, 8 наурыз, 21 - 23 наурыз, 1 мамыр, 7 мамыр, 9 мамыр, 6 шілде.

2021

тамыз							қыркүйек							қазан						
Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек	Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек	Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек
						01			01	02	03	04	05					01	02	03
02	03	04	05	06	07	08	06	07	08	09	10	11	12	04	05	06	07	08	09	10
09	10	11	12	13	14	15	13	14	15	16	17	18	19	11	12	13	14	15	16	17
16	17	18	19	20	21	22	20	21	22	23	24	25	26	18	19	20	21	22	23	24
23	24	25	26	27	28	29	27	28	29	30				25	26	27	28	29	30	31
30	31																			
қараша							желтоқсан													
Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек	Дүй	Сей	Сәр	Бей	Жұм	Сен	Жек							
									01	02	03	04	05							
01	02	03	04	05	06	07	06	07	08	09	10	11	12							
08	09	10	11	12	13	14	13	14	15	16	17	18	19							
15	16	17	18	19	20	21	20	21	22	23	24	25	26							
22	23	24	25	26	27	28	27	28	29	30	31									
29	30																			

- өзгертулерді енгізгеннен кейін сақтау әдісін таңдау:
  - қазір өңделіп жатқан үшін;
  - 2021 /2022 оқу жылының барлық есептік кезеңдері үшін;
  - таңдалған кезеңдер үшін;
- сақтау.

Әрі қарай, мектептегі кестені бақылау ұсынылады:

- барлық сыныптарда мереке күндері орнатылғанын тексеру;
- егер оқу күні басқа күнге ауыстырылса (демалыс күніне):
  - осы күнге сабақтарды қосу;
- мектеп қызметкерлеріне мереке күндеріне түскен сабақтарды ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлау.

**Ескерту:** мереке күндерін ауыстыру туралы ақпаратты мектептің басқарушы ұйымынан нақтылау қажет.

**Мұғалімдерге**

Мектеп әкімшілігі мереке күндеріне түскен сабақтарды ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлағаннан кейін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

- «Күнтізбелік жоспарлау» бөліміне өту;
- 2 тақырып өткізілетін күннің сабақ тақырыбына басу;
- ұсынылған нұсқалардың бірімен сабақтың екінші тақырыбын көрсету:
  - Тақырып-1 / Тақырып-2;
  - Тақырып-1 / Тақырып-2 (мерекеге түскен күнді қою);
  - Тақырып-1 / Тақырып-2 (бұйрықтың нөмірі);
- сабақтың тақырыбына өзгерістерді енгізіп, сақтау.

2	06.11.2019	Жігіт сипаты. Ақан Сері Қорамсаұлы. / Бақылау жұмысы.	Тіл табысу-өнер	  
<a href="#">Добавить ДЗ к следующему уроку</a>				
2	06.11.2019	Жігіт сипаты. Ақан Сері Қорамсаұлы. Бақылау жұмысы. (02.12.2019)	Тіл табысу-өнер	  
<a href="#">Добавить ДЗ к следующему уроку</a>				
2	06.11.2019	Жігіт сипаты. Ақан Сері Қорамсаұлы. Бақылау жұмысы. Бұйрық № 16.	Тіл табысу-өнер	  
<a href="#">Добавить ДЗ к следующему уроку</a>				

**Ескерту:** Егер сыныпта КТЖ жарияланған болса, онда оны жариялаудан алып тастап, жоғарыда көрсетілген нұсқау арқылы тақырыпты өңдеу қажет.

Қажетті деректемелерді енгізгеннен кейін, **КТЖ-ны қайта жариялап, кесте бойынша үлестіру қажет.**

**Назар аударыңыз!** Бұл процедура Үй тапсырмаларымен де жүзеге асырылады.